

ISSN: 1814-6961 (print)
ISSN: 2788-9718 (online)

Отан тарихы **Отечественная история** **History of the Homeland**

Үш айда бір рет шығатын ғылыми журнал
2025. № 28 (1)

РЕДАКЦИЯ

Бас редактор

Қабылдинов Зиябек Ермұханұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас директоры (Қазақстан Республикасы, Алматы қ.)

Редакциялық алқа

Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан Республикасы, Астана қ.)

Абдырахманов Толобек Әбілұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қырғыз Республикасы Ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі (Қырғыз Республикасы, Бішкек)

Апендиев Тимур Әкімханұлы – PhD докторы, доцент, жетекші ғылыми қызметкер, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан Республикасы, Алматы қ.)

Горшенина Светлана Михайловна – PhD, тарих ғылымдарының кандидаты; CNRS Eur'Orbem, UMR 8224, CNRS/ Sorbonne университетінің зерттеу бөлімінің директоры (Франция, Париж)

Исмағұлов Оразақ Исмағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің физикалық антропология зертханасының меңгерушісі (Қазақстан Республикасы, Астана қ.)

Шиндзю Като – PhD (археология бойынша), Нарадағы мәдени құндылықтардың ұлттық ғылыми-зерттеу институты (Жапония, Нара)

Бирсель Каракоч – Уппсала университетінің түркі тілдерінің профессоры (Швеция, Уппсала қ.)

Мионг Сун-ок – антропология ғылымдарының докторы, қауымдастырылған профессор (Корея, Сеул)

Қозыбаева Махаббат Маликовна – PhD доктор; Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Алаш» мәдениет және рухани даму институтының жетекші ғылыми қызметкері (Қазақстан Республикасы, Астана қаласы)

Моррисон Александр – PhD, NewCollege профессоры, Оксфорд (Ұлыбритания, Оксфорд)

Мотузаите-Матузевичюте Гидре – археология ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс университетінің «Биоархеология» ғылыми орталығының жетекшісі (Литва, Вильнюс)

Муминов Әшірбек Құрбанұлы – тарих ғылымдарының докторы, арабтанушы, профессор; ИКҰ (Орталық Азия) ұйымдастыру қызметінің бас директорының кеңесшісі (Түркия, Стамбул)

Нұрсан Әлімбай – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері (Қазақстан Республикасы, Алматы қ.)

Отенова Гүлфира Елубайқызы – тарих ғылымдарының докторы, Ә. Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің профессоры (Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.)

Оутрам Алан – археология ғылымдарының докторы, Эксетер университетінің археология және тарих кафедрасының профессоры (Ұлыбритания, Эксетер)

Романова Екатерина Назаровна – Солтүстіктің байырғы халықтарының мәселелері және гуманитарлық зерттеулер институтының этнологиялық зерттеулер орталығының жетекшісі (АН СР(Ы) ХР) (Ресей Федерациясы, Якутск қ.)

Рюосуке Оно – Васеда университетінің тереңдетілген гуманитарлық зерттеулер орталығының доценті (Жапония, Токио)

Сәбитов Жақсылық Мұратұлы – Жошы Ұлысын зерттеу ғылыми институтының директоры, PhD доктор (Қазақстан Республикасы, Астана қаласы)

Томохико Уяма – PhD докторы, Хоккайдо университетінің славян және еуразиялық зерттеулер орталығының профессоры (Жапония, Саппоро)

Финке Питер – PhD докторы, Цюрих университетінің Макс Планк институтының профессоры (Швейцария, Цюрих)

Шотанова Ғалия Айтжанқызы – тарих ғылымдарының кандидаты, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының жетекші ғылыми қызметкері (Қазақстан Республикасы, Алматы қ.)

Жауапты редактор

Абдулина Ақсұңқар Тұрсынқызы

Жауапты хатшы және редактор

Мырзаходжаев Қуаныш Мәдиұлы

Редакторлар

Қасымова Дидар Бейсенғалиқызы

Черниенко Денис Аркадьевич

Досымбетов Нұрлыбек Айдарбекұлы

Көбеев Рүстем Джаулыбайұлы

Техникалық көмек

Қонырбеков Медет Жаугааштыұлы

Зікірбаева Венера Серікқызы

Копеева Сания Жуматайқызы

РЕДАКЦИЯ**Главный редактор**

Кабульдинов Зиябек Ермуханович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, генеральный директор Института истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова (Республика Казахстан, г. Алматы)

Члены редакционной коллегии

Абиля Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор (Республика Казахстан, г. Астана)

Абдырахманов Толобек Абилович – доктор исторических наук, профессор, член-корреспондент НАН КР (Кыргызская Республика, г. Бишкек)

Апендиев Тимур Акимханович – PhD, ассоциированный профессор, ведущий научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (Республика Казахстан, г. Алматы)

Горшенина Светлана Михайловна – доктор PhD, кандидат исторических наук; директор по исследованиям CNRS Eur'Orbem, UMR 8224, CNRS/Университет Сорбонны (Франция, г. Париж)

Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий лабораторией физической антропологии Национального музея РК (Республика Казахстан, Астана)

Като Синдзи (Shinji Kato) – PhD (в области археологии), Национальный научно-исследовательский институт культурных ценностей в Наре (Япония, г. Нара)

Бирсель Каракоч, профессор тюркских языков, Уппсальский университет (Швеция, г. Уппсала)

Мионг Сун-ок – доктор антропологии, ассоциированный профессор (Корея, г. Сеул)

Козыбаева Махаббат Маликовна – доктор PhD; ведущий научный сотрудник Института культуры и духовного развития «Алаш» Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Республика Казахстан, Астана)

Моррисон Александр – PhD, профессор NewCollege, Оксфорд (Великобритания, Оксфорд)

Мотузаите-Матузевичюте Гидре – доктор археологии, профессор, руководитель Научного центра «Биоархеология» Вильнюсского университета, (Литва, г. Вильнюс)

Муминов Аширбек Курбанович – доктор исторических наук, арабист, профессор; консультант Генерального директора по организационной деятельности ОИК (Центральная Азия), (Турция, Стамбул)

Нурсан Алимбай – кандидат исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (Республика Казахстан, г. Алматы)

Отеева Гульфира Елубаевна – доктор исторических наук, профессор Павлодарского педагогического университета им. А.Х. Маргулана (Республика Казахстан, г. Павлодар)

Оутрам Алан – доктор археологических наук, профессор департамента археологии и истории университета Эксетере (Великобритания, г. Эксетер)

Романова Екатерина Назаровна, руководитель Центра этнологических исследований Института гуманитарных исследований и проблем малочисленных народов Севера (ИГИ АН РС(Я)) (Российская Федерация, г. Якутск)

Рюосуке Оно – доцент, Центр перспективных гуманитарных исследований, Университет Васеда (Япония, г. Токио)

Сабитов Жаксылык Муратович – директор Научного института изучения Улуса Джучи, доктор PhD (Республика Казахстан, г. Астана)

Томохико Уяма – PhD, профессор Центра славянско-евразийских исследований университета Хоккайдо (Япония, г. Саппоро)

Финке Петер, доктор PhD, профессор Института Макса Планка, университет Цюриха (Швейцария, г. Цюрих)

Шотанова Галия Айтжановна – кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (Республика Казахстан, г. Алматы)

Ответственный редактор

Абдулина Аксункар Турсуновна

Ответственный секретарь и редактор

Мурзаходжаев Куаныш Мадиевич

Научные редакторы:

Касымова Дидар Бейсенгалиевна

Черниенко Денис Аркадьевич

Досымбетов Нурлыбек Айдарбекович

Кубеев Рустем Джаулыбайулы

Техническое сопровождение

Конырбеков Медет Жаугаитиевич

Зикирбаева Венера Сериковна

Копеева Саня Жуматаевна

EDITORIAL TEAM

Editor-in-Chief

Kabul'dinov Ziyabek Ermukhanovich – Doctor of Historical Sciences Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, general Director of Valikhanov Institute of History and Ethnology (Republic of Kazakhstan, Almaty)

Editorial board members

Abil Erkin Amanzholovich – Doctor of Historical Sciences, Professor (Republic of Kazakhstan, Astana)

Abdyrakhmanov Tolobek Abilovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the National Academy of Sciences of the Kyrgyz Republic (Kyrgyz Republic, Bishkek)

Apendiev Timur Akimkhanovich – PhD, associate professor, leading researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Republic of Kazakhstan, Almaty)

Gorshenina Svetlana Mikhailovna – PhD, Candidate of Historical Sciences; Research Director of CNRS Eur'Orbem, UMR 8224, CNRS/Sorbonne University (France, Paris)

Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Laboratory of Physical Anthropology of the National Museum of the Republic of Kazakhstan (Republic of Kazakhstan, Astana)

Shinji Kato – PhD (Archaeology), Nara National Research Institute for Cultural Properties (Japan, Nara)

Birsel Karakoch – Professor of Turkic Languages, Uppsala University (Sweden, Uppsala)

Myong Soon-ok – PhD (Anthropology), Associate Professor (Seoul, Korea)

Kozybaeva Makhabbat Malikovna – PhD; Leading Researcher, Institute of Culture and Spiritual Development «Alash» of the L.N. Gumilyov Eurasian National University (Republic of Kazakhstan, Astana)

Morrison Alexander – PhD, Professor, New College, Oxford (United Kingdom, Oxford)

Motuzaitė-Matuzevichute Gidrė – Doctor of Archaeology, Professor, Head of the Scientific Center «Bioarchaeology» of Vilnius University, (Lithuania, Vilnius)

Muminov Ashirbek Kurbanovich – Doctor of Historical Sciences, Arabist, Professor; Consultant to the Director General for Organizational Activities of the OIC (Central Asia), (Turkey, Istanbul)

Nursan Alimbay – Candidate of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Republic of Kazakhstan, Almaty)

Otepova Gulmira Elubayevna – Doctor of Historical Sciences, Professor at the A. Margulan Pavlodar Pedagogical University (Republic of Kazakhstan, Pavlodar)

Outram Alan – Doctor of Archaeological Sciences, Professor of the Department of Archaeology and History, University of Exeter (Great Britain, Exeter)

Romanova Ekaterina Nazarovna – Head of the Center for Ethnological Research, Institute for Humanitarian Research and Problems of Indigenous Peoples of the North (IHR RAS (Yakutia)) (Russian Federation, Yakutsk)

Ryuosuke Ono – Associate Professor, Center for Advanced Humanitarian Studies, Waseda University (Japan, Tokyo)

Sabitov Zhaksylyk Muratovich – Director of the Scientific Institute for the Study of the Ulus of Jochi, PhD (Republic of Kazakhstan, Astana)

Tomohiko Uyama – PhD, Professor, Center for Slavic-Eurasian Studies, Hokkaido University (Japan, Sapporo)

Finke Peter – PhD, Professor, Max Planck Institute, University of Zurich (Switzerland, Zurich)

Shotanova Galiya Aitghanovna – Candidate of historical sciences, leading researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Republic of Kazakhstan, Almaty)

Editor-in-Chief

Abdulina Aksunkar Tursunovna

Responsible Secretary and Editor

Murzakhodjaev Kuanysh Madievich

Scientific Editors:

Kasymova Didar Beysengalieвна
Chernienko Denis Arkadyevich
Dosymbetov Nurlybek Aidarbekovich
Kubeev Rustem Dzhaubayuly

Technical support

Konyrbekov Medet Zhaugashtievich
Zikirbaeva Venera Serikovna
Kopeeva Saniya Zhumataevna



Published in the Kazakhstan
Otan tarikhy
Has been issued as a journal since 1998
ISSN: 1814-6961 (Print)
ISSN: 2788-9718 (Online)
2025. Vol. 28. Is. 2. Pp. 429–445
Journal homepage:
<https://otan.history.iie.kz>



FTAXP / MPHTI / IRSTI 03.20

https://doi.org/10.51943/2788-9718_2025_28_2_429-445

ЖОШЫ ҰЛЫСЫ: ТАРИХИ ЖАДТЫ ҚАЙТА ЖАНДАНДЫРУ МЕН ТАРИХИ РЕКОНСТРУКЦИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Жумагул Айтақынқызы Кусайнова¹, Жанат Серкебайқызы Бакирова²

¹Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті (Алматы қ., Қазақстан)

Магистр, оқытушы

<https://orcid.org/0000-0003-0641-9374>. E-mail: Zhuma_1612@mail.ru

²АЛТ Педагогикалық колледжі (Алматы қ., Қазақстан)

Колледж директоры, тарих ғылымдарының кандидаты

<https://orcid.org/0009-0009-4747-1444>. E-mail: ganat_69@mail.ru

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2025

© Кусайнова Ж.А., Бакирова Ж.С., 2025

Аңдатпа. *Kіріспе.* Жошы ұлысының тарихи мұрасын жаңғырту және тарихи реконструкция мәселелері қазақ халқының тарихи жадын қалыптастыруда ерекше рөл атқарады. Жошы ұлысы XIII ғасырда құрылған ірі этникалық-саяси бірлестік ретінде қазақ мемлекеттілігінің бастауы саналады. *Зерттеудің мақсаты және міндеттері.* Бұл мақалада Жошы ұлысының құрылу тарихы, оның этникалық және саяси ықпалы, сондай-ақ оның Алтын Орда мемлекетігіне және кейінгі қазақ хандығының қалыптасуына әсері қарастырылады. Тарихи деректерге және заманауи зерттеулерге сүйене отырып, Жошы ұлысының тарихи маңызы мен қайта жандандырудағы қиындықтары талданады. Мақалада тарихи дереккөздерді сыни көзқарас тұрғысынан бағалап, олардың тарихи реконструкциядағы рөлі туралы талқылаулар жүргізіледі. *Материалдар мен әдістер.* Ортағасырлық жазбаларда Жошы ұлысының құрамына енген қыпшақ, арғын, найман, керей секілді тайпалардың саяси және әскери іс-әрекеттері сипатталады. Жазбалардан алынған мәліметтер Жошы ұлысының этникалық құрылымының күрделілігін көрсетеді. Жошы ұлысының этникалық, мәдени және саяси тұрғыдан даму жолын, сондай-ақ оның қазақ мемлекеттілігіне қосқан үлесін қарастырады. *Нәтижелер.* Жошы ұлысының тарихын зерттеу және жаңғырту қазақ халқының тарихи және мәдени жадын сақтап қана қоймай, сонымен бірге қазіргі Қазақстанның саяси, мәдени және рухани бірлігін қалыптастыруға бағытталған маңызды қадам болып табылады.

Түйін сөздер: Жошы ұлысы, тарихи реконструкция, Алтын Орда, қазақ мемлекеттілігі, тарихи жад, Моңғол шапқыншылығы, этникалық мұра

Дәйексөз үшін: Кусайнова Ж.А., Бакирова Ж.С. Жошы Ұлысы: тарихи жадты қайта жандандыру мен тарихи реконструкция мәселелері // Отан тарихы. 2025. Т. 28. № 2. 429–445-бб. [қазақша]. DOI: 10.51943/2788-9718_2025_28_2_429-445

УЛУС ДЖУЧИ: ВОССОЗДАНИЕ ИСТОРИЧЕСКОЙ ПАМЯТИ И ПРОБЛЕМЫ ИСТОРИЧЕСКОЙ РЕКОНСТРУКЦИИ

Жумагул Айтахуновна Кусайнова¹, Жанат Серикбаевна Бакирова²

¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая (г. Алматы, Казахстан)

Магистр, преподаватель

<https://orcid.org/0000-0003-0641-9374>. E-mail: Zhuma_1612@mail.ru

²Педагогического колледжа АЛТ (г. Алматы, Казахстан)

Кандидат исторических наук, директор

<https://orcid.org/0009-0009-4747-1444>. E-mail: ganat_69@mail.ru

© ИИЭ им. Ч.Ч. Валиханова, 2025

© Кусайнова Ж.А., Бакирова Ж.С., 2025

Аннотация. *Введение.* Историческое наследие Улуса Джучи и проблемы его реконструкции играют важную роль в формировании исторической памяти казахского народа. Улус Джучи, образовавшийся в XIII веке, стал первым крупным этнополитическим объединением, которое впоследствии привело к созданию независимого государства Золотой Орды, а также оказало влияние на формирование Казахского ханства. *Цели и задачи.* В данной статье рассматриваются вопросы образования Улуса Джучи, его этническое и политическое влияние, а также роль в этнической истории казахов. На основе исторических источников и современных исследований анализируются сложности реконструкции истории Улуса Джучи и его культурного вклада в развитие казахского народа. *Материалы и методы.* В статье проводится критический анализ источников и обсуждается их значение для исторической реконструкции. Информация, полученная из надписей, показывает сложность этнического состава племени жош. Рассматривается путь этнического, культурного и политического развития улуса Джучи, а также его вклад в казахскую государственность. *Результаты.* Изучение и возрождение истории улуса Джучи – важный шаг, направленный не только на сохранение историко-культурной памяти казахского народа, но и на формирование политического, культурного и духовного единства современного Казахстана.

Ключевые слова: Улус Джучи, историческая реконструкция, Золотая Орда, казахская государственность, историческая память, Монгольское нашествие, этническое наследие

Для цитирования: Кусайнова Ж.А., Бакирова Ж.С. Улус Джучи: воссоздание исторической памяти и проблемы исторической реконструкции // Отан тарихы. 2025. Т. 28. № 2. 429–445-бб. [на каз.]. DOI: 10.51943/2788-9718_2025_28_2_429-445

JOCHI ULUS: RESTORING HISTORICAL MEMORY AND ISSUES OF HISTORICAL RECONSTRUCTION

Zh.A. Kusainova¹, J.S. Bakirova²

¹Abay Kazakh national Pedagogical University (Almaty city, Kazakhstan)

Master, lecturer

<https://orcid.org/0000-0003-0641-9374>. E-mail: Zhuma_1612@mail.ru

²ALT Pedagogical College (Almaty city, Kazakhstan)

Director, Candidate of Historical Sciences

<https://orcid.org/0009-0009-4747-1444>. E-mail: ganat_69@mail.ru

© Valikhanov IHE, 2025

© Kusainova Zh.A., Bakirova J.S., 2025

Abstract. Introduction. The historical heritage of the Jochi Ulus and the problems of its reconstruction play a vital role in shaping the historical memory of the Kazakh people. Formed in the 13th century, the Jochi Ulus represents the first significant ethno-political union that later evolved into the Golden Horde and influenced the emergence of the Kazakh Khanate. Purpose and objectives. This article examines the foundation of the Jochi Ulus, its ethnic and political influence, and its role in Kazakh ethnogenesis. Drawing on historical sources and modern research, the article analyzes the complexities of reconstructing the history of the Jochi Ulus and its cultural contributions to the Kazakh people. *Materials and methods* The article offers a critical analysis of the sources and discusses their relevance to historical reconstruction. The information obtained from the inscriptions shows the complexity of the ethnic composition of the Jochi Ulus. *Results.* The path of ethnic, cultural and political development of the Jochi Ulus, as well as its contribution to the Kazakh statehood, is considered. The study and revival of the history of the Jochi Ulus is an important step aimed not only at preserving the historical and cultural memory of the Kazakh people, but also at forming the political, cultural and spiritual unity of modern Kazakhstan.

Key words: Jochi Ulus, historical reconstruction, Golden Horde, Kazakh statehood, historical memory, Mongol invasion, ethnic heritage

For citation: Kusainova Zh.A., Bakirova J.S., Jochi Ulus: restoring historical memory and issues of historical reconstruction // Otan tarikhy. 2025. Vol. 28. No. 2. Pp. 429–445 [in Kazakh]. DOI: 10.51943/2788-9718_2025_28_2_429-445

Кіріспе. Жошы ұлысы – Еуразия даласында Моңғол империясының құрамында құрылып, кейіннен тәуелсіз Алтын Орда мемлекетіне айналған ірі этникалық және саяси бірлестік. Оның тарихын зерттеу, әсіресе, қазақ халқының этникалық қалыптасу кезеңдерін түсінуде өте маңызды. Жошы ұлысы Орта Азия мен Қазақстан территориясында тәуелсіздікке ұмтылған алғашқы ірі мемлекеттік құрылым болды. Сонымен қатар, оның негізінде кейінгі қазақ хандығының құрылуы тарихи заңдылыққа айналды. Бұл зерттеу Жошы ұлысының этникалық, мәдени және саяси тұрғыдан даму жолын, сондай-ақ оның қазақ мемлекеттілігіне қосқан үлесін қарастырады. Сонымен қатар, тарихи реконструкция мәселелері де қарастырылып, дереккөздерді пайдаланудағы қиындықтар мен әдіснамалық ерекшеліктер талданады. Жошы ұлысы XIII ғасырдың басында Моңғол империясының құрамында құрылғанымен, Жошы хан мен оның ұрпақтары біртіндеп дербестікке ұмтылып, Алтын Орданы тәуелсіз мемлекетке айналдырды. Жошы ханның ұлысы Ұлы даланың батыс бөлігін қамтыды және этникалық құрамында қыпшақ, арғын, керей, найман сияқты түркі тілді тайпалар басым болды. Жошы ұлысының құрылуы кезінде жергілікті түркі тайпалары моңғол билігіне бағынғанымен, олардың этникалық ерекшеліктері сақталды. Тарихи деректерге сәйкес, бұл аймақтағы моңғолдық және түркілік этностардың қосылуы, кейінгі қазақ халқының қалыптасуына әсер еткен үлкен этникалық және мәдени синтезді туындатты.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Мақала методологиялық жағынан тарихи жүйелілік пен салыстырмалы талдауға негізделіп, тарихи деректерге, отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері мен заманауи зерттеулерге сүйеніп, тарихи дереккөздерге жан-жақты талдау жасалды. Зерттеудің негізгі әдісі – Жошы Ұлысының тарихи жадын қайта жандандыруға бағытталған деректер мен әдістер қолданылады. Негізгі дереккөздер ретінде ортағасырлық араб, парсы және түркі жазбалары, сондай-ақ қытай жылнамалары қарастырылды. Сонымен қатар, ауызша тарих пен қазақтың эпикалық дастандары қосымша ақпарат көзі ретінде пайдаланылды. Жошы Ұлысының тарихына қатысты дереккөздерді ішкі сын мен салыстыру әдістерін пайдалана отырып, әрбір деректің тарихи контекстін және оның шынайылығын бағалауға тырыстық.

Мақалада зерттеулер хронологиялық және тақырыптық жүйеде топтастырылып, тарихи мәселелер теориялық-әдіснамалық жағынан талданды.

Талқылау. Жошы ұлысының тарихы қазақ халқының этникалық және саяси тарихында ерекше орын алады. Жошы хан мен оның ұрпақтары құрған Алтын Орда мемлекеті арқылы қазақ жерінде мемлекеттілік дәстүрі нығайып, одан кейінгі қазақ хандығының құрылуына негіз болды. Жошы ұлысының қалыптасуында жергілікті түркі тайпалары мен моңғол элементтерінің араласуы маңызды рөл атқарды, бұл өз кезегінде қазақ халқының этногенезіне ықпал етті. Ортағасырлық жазбаларда Жошы ұлысының құрамына енген қыпшақ, арғын, найман, керей секілді тайпалардың саяси және әскери іс-әрекеттері сипатталады. Жазбалардан алынған мәліметтер Жошы ұлысының этникалық құрылымының күрделілігін көрсетеді. Олардың Алтын Орда кезеңінде біртіндеп түркіленуі және жергілікті мәдениетке бейімделуі қазақ халқының қалыптасуына алып келді. Сонымен бірге, Жошы

ұлысының тарихын зерттеу барысында түрлі дереккөздерде кездесетін қайшылықтар мен түсінбеушіліктер де қарастырылды. Әсіресе, жазбаша деректердегі оқиғаларды ауызша аңыздармен салыстыру күрделі мәселе болып табылады. Ортағасырлық араб және парсы дереккөздері Жошы ұлысының саяси құрылымын басқаша сипаттаса, қазақтың ауызша тарихы оның этникалық және мәдени маңызын баса көрсетеді. [Сартқожа, 2012:120].

Жошы ұлысының қазақ тарихындағы орны мен рөлін қайта жандандыру қазіргі қазақ қоғамында мемлекеттілік пен ұлттық бірегейлікті нығайту тұрғысынан да маңызды. Бұл тек тарихи жадты жаңғыртып қана қоймай, сонымен бірге қазақ халқының мәдени мұрасы мен бірегейлігін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Жошы ұлысының тарихы мен оның саяси рөлі қазақ халқының этникалық және мәдени дамуына үлкен әсер еткен. Жошы хан және оның ұрпақтары құрған Алтын Орда – тек қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуына ғана емес, сонымен қатар Еуразияның саяси және экономикалық дамуына айтарлықтай ықпал еткен маңызды құрылым. Жошы ұлысының тарихын зерттеу барысында оның мәдени және этникалық негіздерін талдау маңызды, себебі, бұл құрылым этникалық араласу арқылы қазақ этногенезіне ықпал еткен алғашқы мемлекеттік бірлестік болып табылады.

Жошы ұлысының этникалық құрылымын анықтау барысында зерттеушілер көбіне ортағасырлық араб, парсы, түркі, қытай дереккөздеріне сүйенеді. Оларда Жошы ұлысы құрамына қыпшақтар, наймандар, керейлер, арғындар сияқты ірі түркі тайпаларының енгені айтылады. Бұл тайпалар кейіннен қазақ халқының этникалық құрамының негізін құрады. Жошы ұлысының құрамында түркі және моңғол элементтерінің болуы қазақтардың мәдениеті мен дәстүрінде де байқалады. Түркі және моңғол мәдениеттерінің синтезі – қазақ халқының тілінде, мәдениетінде, дәстүрлерінде терең із қалдырған факторлардың бірі. Бұл араласу қазақ тілінің қалыптасуы мен оның ерекшеліктерінде де өз көрінісін тапқан [Сартқожа, 2012:311].

Қ. Сартқожа зерттеуінің ұтымды тұсы түркі руникалық жазбаларды зерттей отырып, түркі және моңғол кезеңіндегі сабақтастықты аша алды. Ол Жошы Ұлысы этногенезінде түркілік негіздердің мықты болғанын нақты деректер арқылы дәлелдеуге тырысқан. Кемшілігі негізінен лингвистикалық және жазу тарихына бағытталғандықтан, Жошы Ұлысының саяси құрылымы немесе билік жүйесі нақты ашылмаған. Сонымен қатар, Жошы Ұлысының ішкі әкімшілік құрылымы мен исламдану үдерісі назардан тыс қалғандай.

Жошы ұлысының саяси құрылымы – сол заман үшін ерекше феномен. Алтын Орда мемлекетінде билікті мұрагерлік жолымен жалғастыру, билеуші әулеттің тұрақты жүйесі, сондай-ақ жергілікті тайпалармен байланысты күшейту әрекеттері қалыптасқан. Бұл ерекшеліктер кейінгі қазақ хандығының билік құрылымында да жалғасын тапты. Жошы ұлысы арқылы қазақ халқы мемлекеттік басқару жүйесін, заңдар мен дәстүрлерді игеріп, оларды өз жеріне бейімдеді. Осылайша, Жошы ұлысы қазақ хандығының саяси негізін қалаушы ретінде ерекше маңызға ие болды [Қинаятұлы, 2004:344].

Жошы ұлысының тарихи маңызын түсінуде археологиялық зерттеулер мен тарихи-этнографиялық дереккөздер де үлкен рөл атқарады. Археологиялық деректер арқылы Жошы ұлысының сауда және мәдени байланыстарын анықтауға болады. Алтын Орда кезеңінде Жібек жолы арқылы Қазақстан жерінде түрлі мәдениеттердің тоғысуы байқалды. Бұл қазақ жерін халықаралық сауда орталығына айналдырып, экономикалық дамуға әсер етті. Сауда арқылы қазақ даласында қала мәдениеті де дами бастады және осы қалалардағы археологиялық табыстар Жошы Ұлысы кезеңіндегі мәдениеттердің алмасуын көрсетеді.

Жошы ұлысының тарихи жадын жаңғырту қазақ халқының тарихи бірегейлігін түсінуде үлкен рөл атқарады. Оның тарихын зерттеу қазіргі қазақ қоғамы үшін тек өткенін білу ғана емес, сонымен қатар ұлттық сана мен бірегейлікті нығайту мақсатында да маңызды. Бұл тұрғыда Жошы ұлысы қазақ халқының мемлекеттілік дәстүрлерінің бастауы болып табылады, оның қайта жандандыруы – қазақ халқының өз тамырын тануы мен ұлттық бірегейлігін жаңғырту әрекеті ретінде қабылданады. Жошы ұлысының тарихи маңызы мен оның қайта жандандыруы қазақ халқының тарихи жады мен мемлекеттілік дәстүрінің негізін қалыптастыруда маңызды қадам [Сартқожа, 2012:39]. Оның саяси құрылымы, этникалық құрамы және мәдени мұрасы қазақ этносының бірегейлігін қалыптастырып, ұлттық сана мен мақтаныштың негізін құрайды. Жошы ұлысының тарихи жадын жаңғырту тек тарихты білу ғана емес, сондай-ақ қазақ халқының мәдени және этникалық тұтастығын күшейтуге де септігін тигізеді.

Ибн әл-Асир өзінің «Камил ат-Тарих» атты еңбегінде Шыңғыс хан жорығы кезінде Жошының Сырдария бойындағы тайпаларды бағындыруға қатысқанын айтады. Бұл мәлімет Жошы Ұлысының геосаяси аумағын нақтылауға мүмкіндік береді. Рашид ад-дин «Жами ат-таварих» еңбегінде Жошының ұлысы ретінде қыпшақ даласын көрсетіп, оның құрамына арғын, найман, қоңырат, керей сияқты тайпалардың енгенін нақты жазады [Рашид ад-дин, 1952:222]. Сонымен бірге, Жошының Алтын Орда билігінің негізін қалаушы ретінде сипатталуы – қазақ этногенезін зерттеуде маңызды дерек. «Білге қаған» мен «Тоныкөк» жазбаларында тоғыз-оғыз және тоғыз-татарлар туралы деректер кездеседі. 715 жылғы оқиғада тоғыз-оғыздар мен тоғыз-татарлар түрік қағанатына қарсы шығып, Селенга маңындағы Ағу жерінде жеңіліске ұшырағаны жазылған: «Қолын талқандадым, елін алдым» [Сартқожа, 2012: 104]. «Цзю Таншу» жылнамасында телэ, оғыз, және ұйғыр тайпаларының Байырқы хандығы мен кейінгі Ұйғыр қағанатына бірігуі жайлы мәліметтер бар. Сонымен қатар, ұйғырлар мен тоғыз-оғыздардың Жетісу мен Алтай маңындағы қоныс аударулары сипатталады [Бичурин, 1950: 322].

«Қобыланды батыр» жыры: Бұл эпоста қыпшақ тайпасының жауынгерлік рухы мен көшпенділердің ел қорғау дәстүрі кеңінен бейнеленеді. Қобыландының жауларына қарсы күресі – Жошы Ұлысы құрамындағы түркі тайпаларының саяси-әскери әлеуетін сипаттайтын ауызша дерек көзі. Жырда қыпшақ даласының кеңістігі, билік үшін күрестер, хан мен батыр арасындағы қатынас көрініс табады, бұл Жошы Ұлысы кезіндегі қоғамдық құрылымға ұқсас. *«Ер Тарғын» жыры:* Бұл жырда Ер Тарғынның ноғайлы ханымен арақатынасы, ел қорғаудағы ерліктері, Жошы Ұлысы дәуіріндегі батырлық, билік, адалдық ұғымдарын бейнелейді. Жырда ханға адал қызмет ету, ел бірлігі мен әділет ұғымдары көрініс табады. *Шежірелер мен рулық аңыздар:* Қазақ шежірелері Жошы хан мен оның ұрпақтарын тарихи тұлға ретінде ғана емес, сонымен қатар киелі рулардың атасы ретінде таныстырады. Мысалы, «Алаша хан» мен «Жошы хан» аңыздары арқылы қазақ рулары өз тектерін осы тұлғаларға тірейді. Бұл Жошы Ұлысының қазақ халқының тарихи жады мен этникалық өзіндік санасындағы орнын көрсетеді. Жошы хан туралы аңыздар: Қазақ ауыз әдебиетінде Жошы ханның қайтыс болуы туралы аңыз кең тараған. Жошының аңға шыққанда қайтыс болып, Қыпшақ даласына жерленгені, оның бас уәзірінің бұл хабарды Шыңғыс ханға жеткізуі туралы оқиға – тарихи шындық пен ауызша дәстүрдің тоғысқан үлгісі. Бұл аңыздар халық жадында Жошы Ұлысын әділетті билік пен рухани мұра иесі ретінде бейнелейді [Кенжеахметұлы, 1994: 382].

Жазба деректермен қатар, Жошы Ұлысы тарихын зерттеуде «ауызша тарих» пен «қазақтың эпикалық дастандары» қосымша ақпарат көзі ретінде маңызды орын алады. Бұл деректер халық жадында сақталған тарихи оқиғалардың көркем-эпикалық бейнесі арқылы Жошы хан мен оның ұрпақтарының саяси, әскери және мәдени ықпалын сипаттайды. Мысалы, «Жошы хан» жыры, сондай-ақ «Қобыланды батыр», «Алпамыс батыр», «Ер Төстік» сияқты эпостарда Жошы ұлысының аумағында өмір сүрген тайпалар мен олардың билеушілері туралы мәліметтер, әлеуметтік құрылым, әдет-ғұрыптар мен батырлық идеалдар көрініс табады. Сонымен бірге, қазақ шежірелері мен аңыз-әңгімелерде Жошы ханның шығу тегі, оның өлімі туралы аңыздар, Бату, Берке, Тоқа-Темір, Шайбани сынды ұрпақтары туралы мәліметтер сақталған. Бұл деректер Жошы Ұлысының саяси тарихы мен этникалық құрамын анықтауға қосымша дерек ретінде қарастырылады.

Ғылыми еңбектерде мұндай ауызша деректер тарихи фольклор, мифопоэтикалық сана және халықтық тарихи жады ұғымдары арқылы талданады. Олар ресми жазба деректерді толықтырып, тарихи үдерістердің халықтық қабылдану формасын көрсетеді. Осы сөзді қорытындылай келе: Ауызша тарих – халық жадындағы тарихи сананың бейнесі; Эпикалық жырлар – Жошы ұлысындағы этноәлеуметтік қатынастарды сипаттайтын мәдени дерек; Шежірелер – Жошы ұрпақтарының таралуын бейнелейтін ауызша дерек көзі.

Жошы ұлысының тарихы мен оның кейінгі қазақ хандығына әсері тек саяси тұрғыдан ғана емес, әлеуметтік және мәдени жағынан да ерекше маңызға ие. Бұл тарихи құрылым қазақ даласында қоғамдық құрылымның және әлеуметтік иерархияның дамуына ықпал етіп, билік пен қоғам арасындағы өзара байланыстардың қалыптасуына жағдай жасады. Жошы ұлысы кезеңінде қалыптасқан дәстүрлер, оның ішінде құқықтық нормалар, басқару жүйесі, әскери тәртіп және шаруашылық жүргізу ерекшеліктері кейіннен қазақ қоғамының негізгі элементтеріне айналды. Мысалы, дәстүрлі қазақ қоғамындағы жекелеген рулар мен тайпалардың белгілі бір аймақтарға бекітілуі, олардың арасындағы байланыстар мен міндеттер Жошы ұлысы кезінде орныққан жүйеден бастау алады.

Жошы ұлысының ерекше тарихи рөлі – оның қазақ жеріндегі көшпелі өркениеттің дамуына ықпал еткен орталық болуы. Көшпелілердің өмір салты мен мәдениетін бейнелейтін көптеген ескерткіштер, күмбездер мен қорымдар осы кезеңнен қалған. Бұлар Жошы ұлысы кезінде қалыптасқан салт-дәстүрлер мен өмір салтын сипаттайтын маңызды археологиялық дереккөздер болып табылады. Мысалы, Жошының кесенесі мен осы аймақтағы басқа да маңызды қорымдар бұл кезеңдегі мәдениеттің жоғары деңгейін және рухани құндылықтардың маңызын айғақтайды [Қинаятұлы, 2010: 728].

Жошы ұлысының тарихын зерттеу тек академиялық тұрғыдан ғана емес, қазіргі ұлттық идеологияны нығайту тұрғысынан да маңызды. Қазақстанның егемендік алған кезеңінен бастап, тарихи зерттеулерде Жошы ұлысының маңызы айқындала түсті. Оның мұралары қазақ халқының ұлттық мақтанышын күшейтіп, тарихи тамырларға бет бұруға ынталандырды. Осы арқылы қазақ халқының ұрпақтары тарихи тұлғалардың мұрасын бағалап, оның мәдениетке және мемлекет қалыптастырудағы рөлін түсінеді.

Жошы ұлысы кезеңіндегі экономикалық өмір де талқылауға тұрарлық маңызды аспект болып табылады. Сол уақытта Қазақстан жерінде сауда, әсіресе Жібек жолы арқылы, қарқынды дамыды. Бұл аймақ Жошы ұлысының экономикалық тірегі ретінде маңызды рөл атқарып, халықаралық сауда мен дипломатиялық байланыстардың орталығына айналды. Жошы ұлысының экономикасы тек мал шаруашылығына ғана емес, сонымен қатар саудаға да сүйеніп, оған қатысты ерекше тәртіп пен инфрақұрылым орнаған. Осы сауда арқылы қазақ даласына ислам мәдениеті, ғылым және өнер жетіп, рухани жаңғыруды қолдаған [Байпақов, Таймагамбетов, Самашев, 1998:52].

Жошы ұлысының қазақ мемлекеттілігін қалыптастырудағы орнын бағалай келе, оның мұрасы Қазақстанның ғана емес, бүкіл Еуразияның тарихи мұрасы екендігіне назар аудару қажет. Жошы ұлысы өз дәуірінде Орта Азияның мәдени және этникалық байлығын біріктірген алып құрылым болды. Оның құрамында әртүрлі этностар мен мәдениеттер бірге өмір сүріп, өзара ықпалдасты. Бұл ерекшелік қазіргі заманғы Қазақстанның көпұлтты құрылымы мен мәдени әртүрлілігінің тарихи алғышарттарын айқындайды. Осылайша, Жошы ұлысын зерттеу қазақ этносының тарихи бірегейлігін ғана емес, сондай-ақ елдің ішкі тұтастығын нығайтуға да септігін тигізеді.

Жошы ұлысының тарихын зерттеу және жаңғырту қазақ халқының тарихи және мәдени жадын сақтап қана қоймай, сонымен бірге қазіргі Қазақстанның саяси, мәдени және рухани бірлігін қалыптастыруға бағытталған маңызды қадам болып табылады. Жошы ұлысы арқылы қазақ халқының мемлекеттілігі, мәдениеті мен дәстүрі нығая түсіп, оның ұрпақтарына бай мұра қалдырылды. Сондықтан Жошы ұлысының тарихы мен мұрасын зерттеу ұлттық бірегейлікті сақтауға, тарихи құндылықтарды бағалауға және ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуге бағытталған маңызды зерттеу саласы болып қала бермек.

Жошы ұлысының тарихы қазіргі қазақ қоғамы үшін рухани және мәдени құндылықтарды қайта қарастырудың қайнар көзі ретінде маңызды. Жошы ханның билік құруы мен оның ұрпақтары құрған Алтын Орда мемлекеті тек әскери күшпен ғана емес, сонымен бірге дипломатиялық өнерімен де ерекшеленді. Бұл кезеңде Еуразияның кең байтақ даласында тыныштық пен бейбітшілік орнап, Ұлы Жібек жолы бойында сауда байланыстары нығая түсті. Жошы ұлысы Еуразияны біріктіріп, түрлі мәдениеттер мен халықтарды бір шаңырақ астына жинады, бұл өз кезегінде түрлі өркениеттердің бір-бірімен араласуына, өзара байытылуына мүмкіндік берді. Осы мәдени және этникалық ықпалдастық кейіннен қазақ халқының ұлттық болмысын байытты [Байпақов, Таймагамбетов, Самашев, 1998: 101].

Жошы ұлысы заманындағы саяси жүйе – ерекше басқару әдісін көрсетті. Билеуші әулет пен жергілікті тайпа көсемдерінің арасындағы байланыстар халықтың мүдделерін қорғау мен аймақтық тұрақтылықты қамтамасыз етудің үлгісі болды. Жошы Ұлысының билеушілері өз билігін жергілікті тайпалардың қолдауымен нығайтып, жергілікті көшпелі дәстүрлерді құрметтеуге негізделген басқару жүйесін құрды. Осы әдіс-тәсілдер кейіннен қазақ қоғамының қоғамдық құрылымында айқын көрініс тапты және халық арасындағы өзара түсіністіктің негізіне айналды.

Жошы ұлысының ерекше сипаты – оның көшпелі өркениеттің бірегей құндылықтарын сақтап, оларды дамытуға деген ынтасы. Бұл кезеңде көшпенділердің соғыс өнері, тактикалық шеберлігі, табиғатпен үйлесімде өмір сүру қабілеті ерекше бағаланды. Көшпелі халықтың әскери құрылымы мен жауынгерлік рухы тек жаугершілікті ғана емес, сонымен қатар даланың заңын құрметтеуді, әділеттілікті талап етті. Жошы Ұлысының дәуірінде қалыптасқан «Төре» заңы мен дәстүрлері кейіннен қазақ қоғамының құқықтық жүйесінің негізін құрады. Бұл заңдар мен дәстүрлер қазақ

қоғамының ішкі тәртібі мен қоғамдық қатынастарын реттеуге мүмкіндік беріп, халық арасында әділдік пен тұрақтылықты сақтады.

Жошы ұлысы дәуіріндегі экономикалық өркендеу де ерекше назар аударарлық. Бұл кезеңде аймақтың экономикасы негізінен мал шаруашылығы мен халықаралық саудаға негізделген еді. Жібек жолының бойындағы сауда қатынастары дамып, қазақ даласы арқылы өткен керуендер шығыс пен батыс мәдениеттерінің тоғысуына ықпал етті. Жошы Ұлысының астаналары мен ірі қалалары мәдени, ғылыми және сауда орталықтарына айналды. Бұл кезеңде салынған қалалар мен сауда жолдары қазіргі Қазақстан аумағында ортағасырлық қала мәдениетінің дамуына алғышарт жасады. Осы тарихи оқиғалар қазақ жерін мәдени және экономикалық тұрғыдан өркендетіп, көшпелі өмір салтын тұрақты даму жүйесіне айналдырды [Васильев, 2001:116]. Тағы бір қызықты аспект – Жошы ұлысының рухани өмірі. Бұл кезеңде түркілердің дәстүрлі сенімдері ислам дінімен қатар өмір сүрді. Жошы ұлысы құрамындағы тайпалар арасында исламның таралуы көшпелі қоғамның рухани дамуына ықпал етті. Ислам діні моральдық және әлеуметтік құндылықтарды нығайтып, жаңа этикалық нормаларды енгізді. Бұл ықпалдастық қазақ қоғамында діни толеранттылық пен түрлі наным-сенімдерді құрметтеу дәстүрін қалыптастырды.

Жошы ұлысының мәдени мұрасы қазіргі Қазақстанның ұлттық бірегейлігі мен тарихи мақтаныш сезімін қалыптастыруда ерекше рөл атқарады. Жошы ханның тарихы мен оның ұрпақтарының мұрасы қазақ халқының тарихи жадына бекітілген және ұлттың өзіндік болмысын қайта зерделеу үшін маңызды болып саналады. Осы мұраны жаңғырту қазақ халқының тарихи өзін-өзі тануын, өзінің тамырын, мәдениетінің байлығын түсінуге және оны келер ұрпаққа жеткізуге бағытталған.

Жошы ұлысының тарихы мен мәдени мұрасы тек академиялық зерттеу нысаны ғана емес, сонымен қатар ұлттық сананы нығайтатын, тарихи бірегейлікті қалыптастыратын рухани құндылықтар болып табылады. Жошы ұлысын зерттеу арқылы біз ұлттық болмысымызды, көшпелі өркениеттің баға жетпес байлығын сақтап қаламыз, бұл қазіргі заманғы Қазақстанның ішкі бірлігін нығайтуға және халықтың біртұтастығын сақтауға үлкен септігін тигізеді.

Жошы ұлысының тарихы – қазақ мемлекеттілігі мен этникалық бірегейліктің терең тамырларын ашатын күрделі әрі қызықты тақырып. Бұл кезеңде қалыптасқан саяси, мәдени, және экономикалық процестер қазіргі қазақ халқының дамуына және оның аймақтағы орнының нығаюына ықпал етті. Жошы ұлысы қазақ даласындағы көптеген көшпелі және жартылай көшпелі халықтардың ұлылығын сақтап қана қоймай, оны тарихи қалыптастырушы күшке айналдырған ерекше бірлестік болды [Васильев, 2001: 224].

Жошы ұлысының әлеуметтік құрылымы да талдауды қажет етеді. Қоғамның барлық саласында белгілі бір тәртіп пен иерархия орнап, көшпелілердің қоғамындағы басты орынға рулар мен тайпалар шықты. Осы құрылым Жошы ұлысында «ұлыс» және «атабайлық» жүйелерін, яғни жергілікті рулық-тайпалық бірліктерге негізделген саяси билікті қалыптастырды. Бұл жүйе аймақтық көшпелі өмірге жақсы бейімделген еді, себебі әрбір ру мен тайпа белгілі бір жерді қорғауға, басқаруға, халықтың ішкі қатынастарын реттеуге жауапты болды. Осы құрылым қазіргі қазақ қоғамында белгілі бір дәрежеде сақталған «жүз» жүйесімен ұқсас келеді, бұл оның қаншалықты терең тарихи тамыры бар екенін көрсетеді. Жошы ұлысының әскери құрылымы мен жауынгерлік тәртібі де зерттеуге тұрарлық. Ұлыс өзінің әскери қуаты арқасында өз аумағын кеңейтті, бұл көшпелілердің соғыс өнеріне деген ерекше көзқарасының арқасында жүзеге асты. Әскерде тайпа көсемдері мен батырлар ерекше рөл атқарды, олар тек жауынгер ретінде ғана емес, сонымен қатар идеологиялық және рухани көшбасшы болды. Осы дәстүр кейінгі қазақ батырлары институтының қалыптасуына ықпал етті, өйткені әрбір батыр ұлттың қорғаушысы әрі халықтың құрмет тұтатын тұлғасына айналды.

Жошы ұлысы кезінде дамыған құқықтық дәстүрлер де ерекше орынға ие. Көшпелі қоғамда пайда болған заңдар мен жазылмаған құқықтық нормалар әрбір рудың, әрбір көшпелінің өмірін реттеді. Бұл құқықтық жүйе адалдық, ынтымақтастық және әділдік принциптеріне негізделген еді. Құқықтық тәртіптің жоғары деңгейде болуы Жошы Ұлысын біріктіріп, қоғамдық келісімді сақтауға ықпал етті. Осы заңдар жүйесі қазақ хандығында да кеңінен қолданылып, халықтың құқықтық мәдениетіне негіз болды. «Жеті жарғы» секілді қазақтың атақты заңдар жинағының тамыры Жошы Ұлысы кезіндегі тәртіпке барып тіреледі [Гумилев, 1967: 88].

Жошы ұлысының мәдениетке қосқан үлесін ерекше атап өткен жөн. Ортағасырлық дала мәдениетінде қолөнер, архитектура, және өнер дамыды. Жошы ұлысының кесенесі сол кездегі сәулет өнерінің үздік үлгісі болып табылады және ол көшпелілердің құрылыс саласындағы жоғары деңгейін

көрсетеді. Сонымен қатар, музыкалық өнер мен фольклор да осы кезеңде дамып, кейінгі қазақ мәдениетінің ажырамас бөлігіне айналды. Осы кезеңде қалыптасқан күйлер мен жырлар қазақтардың рухани байлығын толықтырды, ал көшпенділердің эпикалық поэзиясы олардың өмір салты мен дүниетанымының бейнесі ретінде қызмет етті.

Жошы ұлысының діни өмірі де қызықты аспектілердің бірі. Жошы ханның билігі кезінде түркілердің дәстүрлі сенімдері мен шамандық ұстанымдар исламмен қатар өмір сүрді. Ислам діні көшпелі халықтардың арасында моральдық және рухани қағидаларды нығайтты. Бірақ, шамандық пен тәңіршілдік элементтері де өз мәнін жоғалтпай, халықтың дүниетанымының бір бөлігі ретінде сақталды. Бұл діни синкретизм қазақ халқының рухани әлеміне ерекше сипат берді және діни толеранттылықтың, әртүрлі нанымдарға деген құрметтің дамуына ықпал етті.

Сонымен бірге, Жошы ұлысының тарихын зерттеу қазіргі қазақ халқының мәдени және тарихи тамырын түсінуге ғана емес, сондай-ақ Орталық Азияның мәдени ықпалдастығын тануға да мүмкіндік береді. Жошы ұлысы кезеңінде түркі және моңғол халықтары араласқан кең далалық аймақта бірегей мәдениет қалыптасты. Бұл мәдени ықпалдастықтың іздері қазіргі Қазақстан мен Орта Азияның көптеген елдерінің өнерінде, қолөнерінде, тілдерінде және дәстүрлерінде сақталып қалған. Мысалы, қыпшақ және қоңырат руларының өзара мәдени және этникалық ықпалдастығы қазақ және татар халықтарының ұлттық болмысына өз әсерін тигізген [Гумилев, 1967: 55].

Жошы ұлысының тарихы – қазақ халқының ұлттық, мәдени және саяси негіздерінің бірі болып табылады. Оның саяси құрылымы мен басқару жүйесі, әскери тәртібі, құқықтық және діни дәстүрлері қазақ қоғамының өзегі болып қалыптасып, бүгінгі күні де қоғамда өзекті болып отыр. Жошы ұлысы арқылы қалыптасқан бұл құндылықтар қазақтың рухани және мәдени бірегейлігін айқындап, елдің ішкі бірлігін сақтау мен нығайтуда маңызды рөл атқарады. Жошы Ұлысының тарихи маңызы мен оның қазіргі Қазақстандағы рөлі қазақ халқының өз тарихына, мәдениетіне деген құрметін арттырып, ұлттық мақтаныш сезімін ұрпақтан ұрпаққа жеткізуге мүмкіндік береді.

Жошы ұлысының тарихын қайта жандандыру – қазақ халқының тарихи жадын қалыптастырудағы маңызды қадам. Жошы ханның тұлғасы және оның ұрпақтары қазақ мемлекеттілігінің бастауында тұрды. Жошы Ұлысының саяси және мәдени ықпалы қазақ хандығының пайда болуына, оның этникалық және территориялық шекараларының қалыптасуына негіз болды. Қазақ халқы үшін Жошы ханның тұлғасы мемлекеттіліктің символына айналды, ал оның ұрпақтары құрған Алтын Орда өз заманының аса ірі империяларының бірі болды. Жошы Ұлысы қазақ мемлекеттілігінің алғышарты ретінде ғана емес, сонымен бірге Ұлы даладағы этникалық тұрақтылықтың кепілі ретінде де маңызды болды.

Жошы ұлысының тарихын реконструкциялау күрделі міндеттердің бірі болып табылады, себебі оның тарихы түрлі мәдени, саяси және этникалық факторларға байланысты әртүрлі көзқарастармен баяндалған. Негізгі дереккөздер – ортағасырлық араб, парсы және түркі жазбалары, сондай-ақ қытай жылнамалары, олардың барлығы түрлі субъективті факторларға тәуелді болған [Кляшторный, Султанов, 1992: 26].

Тарихи реконструкция барысында дереккөздердің ішкі сын мәселесі де туындайды. Бұл мәселе, әсіресе, Жошы ұлысының құрылымы мен саяси рөліне қатысты деректерде көрініс табады. Жазбаларда Жошы ұлысы, оның билеушілері, халықтың этникалық құрамы туралы толық мәліметтер болмағандықтан, осы дереккөздерді салыстырып, қатаң талдаудан өткізу қажет.

Жошы ұлысының тарихын зерттеуде Қазақстан ғалымдарына қолжетімді болған араб, парсы, қытай және орыс дереккөздері маңызды рөл атқарады. Сонымен бірге, қазақтың ауызша тарихы да осы тақырыпта айтарлықтай үлес қосады. Кейбір мәліметтер тек ауызша аңыздар мен эпикалық дастандар арқылы ғана жеткендіктен, бұл дереккөздер белгілі бір сынақты талап етеді.

Жошы ұлысының тарихи маңызы – оның өз заманының саяси, әскери және экономикалық тұрғыдан мықты мемлекет болғандығында ғана емес, сонымен бірге қазіргі қазақ халқының этногенезі мен мемлекеттілігін қалыптастырудағы рөлінде де жатыр. Сондықтан Жошы Ұлысын және Алтын Орданы қайта жандандыру қазақ халқының тарихи жадын сақтап, оны болашақ ұрпаққа жеткізуде үлкен маңызға ие.

